

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 42/477-VI "Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 5 мамырдағы № 15/137-VII шешімі

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 42/477-VI "Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7751 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларында:

7-тармақ алынып тасталсын;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Мал айдайтын жолдарды аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 21-бабы 3-тармағына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларымен келісу бойынша айқындайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының хатшысы*

Д. Рыпаков